


Жаңабазар ауыл округі
«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы

«Қазақстан алға!»

(Тәрбиешілер арасындағы эстафеталық жарыс)

Денешынықтыру нұсқаушысы: Балабекова А.

2018 ж



«Қазақстан алға!»

Мақсаты. Қимылды ойындар арқылы ұжым мүшелерінің дене шынықтыруға деген қызығушылығын эстафеталық ойындар арқылы арттыру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, және балабақша қызметкерлері,
«Қазақстан алға!» атты спорттық, мерекемізге қош келдіңіздер.

Әнұран.

Жүргізуші: Ал, қанекей, қонақтар, және балабақша қызметкерлері,
«Қазақстан алға!» атты спорттық ,мерекемізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші: Ал, қанекей, қонақтар,

Ортаға назар салайық.

Ойыншылар келеді,

Қол соғып, қарсы алайық

Жүргізуші : әділқазылар алқасымен таныстырады:

Құралбаева.Б

Тултаева.Р

Жүргізуші: Бүгінгі спорттық мерекеге екі команда қатысады. Әр топ өз ұрандарымен таныстырып өтеді.

1. Қиындықтан қашпаймыз,
Алған беттен қашпаймыз.
Тұрған мына сап түзеп,
«**Қарлығаш**» тобы боламыз

2. Ұшақтан да ұшқырмыз,
Желден озған жүйрікпіз.
Келіп тұрған жарысқа
«**Экспо**» тобы боламыз.

Жүргізуші:

Сау дене, таза, ақыл, адал көңіл,
Үшеуімен бақытты болар өмір.
Оқу үшін мектепте,
Ашу үшін тәбетті.
Құру үшін сән саулық.
Кере жақсы денсаулық.

